



«ҚАЗЫНЫҢ ҚАТЕЛЕСУГЕ ҚАҚЫСЫ ЖОҚ»

4-бет

✉ zangazet@mail.ru



ЗАН

№1 (3126) 4 қаңтар 2019

газеті

www.zanmedia.kz

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ШЫҒАРУ ІСІН ШИРАТА ТҮСУ КЕРЕК



Өткен жылы еліміздің жоғары заң шығарушы органы негізінен, Елбасы ұсынған реформаларды жүзеге асыруға бағытталған құжаттар бойынша жұмыс істеді. Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің айтуынша, сессия басталғанда барлығы 82 заң жобасы ұсынылса, оның 40-ы мақұлданып, 21-іне Мемлекет Басшысы қол қойып, қолданысқа еніпті. Ал, Парламенттің жоғарғы Палатасында бұл кезеңде 80 заң жобасы қаралып, оның 72-сі қабылданып, 8-і Мәжіліске қайтарылыпты.

(Соңы 2-бетте) ►

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАР берекелі бола ала ма?



3-БЕТ ►

ҚҰНЫҚҚАН ХАКЕР



8-БЕТ ►

ПАРЛАМЕНТ

«АТАҚ АЛДЫМ МІНЕКИ, БАР МАЛЫМДЫ ШЫҒЫНДАП...»

Жыл соңында ел жаппай дүрлігін, әйтеуір екінің бірі атқа мініп, атақ алуға шауып бара жатады ғой. Ақпарат құралдары, қала берді, әлеуметтік желі кеуделерін орден мен медальға толтыра суретке түсіп, «Пәлен жердің түген азаматы болдым» деп жар салғандарға толып кетеді. Соларға қарап

кей жұрт «демек, елге қандай да бір қызметі сіңген шығар» десе, кейбірі «қойшы, осы адамға не үшін берді екен, не бітірді сонша?» деп қызылкенірдек боп жатады. «Бақсақ, бақа екен» демекші, сөйтсек, әлгіндей атақтардың біз білмейтін сыры бар екен...

1 миллион 250 мың теңге тұратын атақ...

Әуелі бұл атақты ұсынушылар электронды поштаға хат жолдайды. Онда сіздің «жетістіктеріңізді» жіпке тізіп шығатындары сонша, оқып отырып, «Апырым-ай, мен не деген керемет адам едім?!» деп бойынныңыздың балқып кетуі ғажап емес. Қысқаша үзінді келтірсек,

«Құрметті, Пәленше Түгеншеұлы! Қоғамдық наградалар мен атақтар жөніндегі комитет Сіздің

ҚР экономикалық қуатын, гүлденуі мен игілігін нығайтуға қосқан жеке үлесіңізді жоғары бағалап отыр. Елді дамытуға қосқан Сіздің еңбегіңізді бағаламау мүмкін емес. Сіздің мінсіз беделіңізді, айрықша кәсіби жетістіктеріңізді және экономиканы дамытуға қосқан жеке үлесіңізді, нағыз кәсіпқой маман, талапты ұйымдастырушы әрі басшы ретіндегі абыройыңызды ескере отырып, Қоғамдық наградалар мен атақтар жөніндегі комитетінің сараптау кеңесі Сіздің кандидатураныңызды «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТ-

ТІ АЗАМАТЫ» жоғары қоғамдық мойындау орденімен наградауға ұсынып отыр. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» ордені – бұл біздің танданарлық сезіміміздің дәлелі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, наградау парағымен танысып, наградау салтанатына қатысатыныңызды құптауыңызды өтінеміз...» деген кезде, онша-мұнша атаққұрмалықпен «ауыратын» адамдар сылқ ете түсетінге ұқсайды.

(Соңы 5-бетте) ►

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

ЕРТЕҢІН ОЙЛАУ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай жолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын»,

– деген болатын. Сондай-ақ, біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет. Бұған арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілету қолға алынады. Бойсқаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің ролін күшейткен жөн. «Өз жерінді танып біл» бастамасы аясында ел өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек. Бүгінде халықтың әлеуметтік көңіл-күйін айқындайтын негізгі салаларда теңдессіз шаралар ұсынылуда. Бастамалардың қаржылық көлемі 1,5 трлн теңгеден асады, ал жиынтық әсері одан да көбірек. Бұл халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға зор серпін береді дегенді айтты. Ал, 13 қарашадағы №784 Жарлығында: «ҚР Үкіметі Жастар жылын өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін» деп қаулы етті.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Ойталқы

ЖАСТАР ЖЫЛЫНАН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТЕСІЗ?

Ғазизат ИМАКОВА, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті:

– Жастар жылынан өте көп өзгеріс күтіп отырмыз. Жастардың шын мәнінде кәсіпкерлікпен айналысуы, білімін жетілдіруі дегеннің барлығы осы Жастар жылына келіп тіреліп тұр. Себебі, осыған дейін жастарға кешенді түрде мән берілмеген еді.

Енді Жастар жылы болып жарияланғаннан кейін әртүрлі іс-шаралар басталады деп ойлап отырмыз. Жастар белсенділіктерін өз қолдарына алып, әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар құру арқылы азаматтық қоғамдағы құқықтарын өздері жетілдіреді. Соның нәтижесінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі артады. Ең бастысы кәсіпкерлікті ашу мүмкіндігі жоғарылайды деп сенеміз.

Кез келген ел болашағы жастарға қатысты ұстанатын саясатымен, сол бағыттағы іс-шараларының ауқымымен өлшенеді. Сондықтан да бұл мәселеге Елбасы жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында әрдайым көңіл бөліп отырады. Тіпті былтыр 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялады. Ендеше, Жастар жылынан не күтесіз?

Мадияр ЛЕБАЕВ, Қазақ Инновациялық гуманитарлық-заң университеті «Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қорының атқарушы директоры:

– 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялағанына өте қуаныштымын. Болашаққа деген Елбасымыздың көзқарасын бүкіл жастар атынан қолдап, болашаққа сеніммен қараймын.

Жастар ұйымдарының саны қазір де елімізде біршама болып қалды. Мәселен, біздің оқу орнымызда 8 ұйым бар. Әрине, ұйымдардың көбейгені адамның дамуына ықпал етеді. Мәселен, біздің «Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қорының алдына қойған мақсаты: заңгерлер арасындағы қарым-қатынасты жан-жақты өрістетуге, заңға байланысты ғылым, білім және тәжірибені шыңдау.

(Соңы 3-бетте)

ДОДА

ЖАҚЫНДА ІЛЕ АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ҒИМАРАТЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ТАЭКВОНДО ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ҚАЙЫР ҚАЖИ БАСШЫЛЫҚ ЕТЕТІН АСҚАР ШАЙХИЕВ АТЫНДАҒЫ ТАЭКВОНДО КЛУБЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ЖӘНЕ АТАЛМЫШ КЛУБТЫҢ 15 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, АТАЛМЫШ СПОРТ ТҮРІНЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ БІРІНШЛІГІ БОЛДЫ.

Шағын да болса заманға сай, сәулетті салынған мектеп залына төселген татамиде еліміздің 17 клубынан келген 300-ге тарта жас өреннің таланттары талқыға түсті. «Баласы бәйгеге шапса, анасы үйінде отырып тақымын қысады». Дегенмен, бұл жолы құлындарын жетектеген ата-аналар қол соғып қуаттап, күш-жігер беруге аламан басына жиналыпты. Жекпе-жек десе, қаны қызатын қазақ емеспіз бе, жас қырандардың тайталасын тамашалауға келген жанкүйер қауым жарыс көрігін қыздырып, әп-сатте әсем ғимаратты ду-ду-манға айналдырды.

Дүбірлі доданың құрметті қонақтары да шен-шекпендері, атак-даңқтары жұртты тамсандыра, кез келген көрермен қол алысып, дидактасқанды мақтан тұтатындай кілең «сен тұр, мен атайындар!» Атап айтар болсақ: Алматы облысы Денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев; Алматы облысы Таэквондо федерациясының президенті Нұрлан Есілбаев; Іле ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Сәтгібаев; Олимпиада ойындарының жүлдегері, бүгінде кәсіби бокс алаңында еліміздің атын күллі әлемге паш етіп жүрген «Қазақ» – Қанат Ис-

лам; белгілі қоғам қайраткері, танымал ақын, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, «Ақжол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, «Жас қазақ үні» газетінің президенті Қазыбек Иса; Алматы қаласы Таэквондо федерациясының вице-президенті Ғани Тілебаддин; «Райымбек» спорт клубының президенті Асхат Тұмабаев; Іле аудандық Денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қайрат Отыбаев; «Жеңіс» спорт клубының президенті Досымбек Оңласынов; Бауыржан Момышұлы атындағы спорт клубтың президенті, Алматы облысы Таэквондо федерациясының вице-президенті Берікжан Құттыбаев.

Құрметті оқырман, бұл неғылған таусылмайтын тізім дей көрмеңіздер! Мұнымен біз іс-шара деңгейінің қаншалықты жоғары болғанын жеткізбекпіз.

Сонымен, жарыс шымылдығын Іле ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Сәтгібаев мырза кіріс сөзбен ашты. Бұл іс-шараның мақсаты жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, жалпы бұқараны спортқа тарту,



ауыл спортын дамыту, спортшылардың шеберліктерін арттыру және жолдастық қарым-қатынасты нығайту екенін айта келе Алмасбек Қожабекұлы жас өрендерге сайыста сәттілік тіледі. Одан әрі құрметті қонақтар кезекпен балғын спортшыларға баталарын берді.

Қазақтың қай шарасы да ән-күйсіз өтпейтіні белгілі. Бұл тұрғыда Рамазан Стамғазиев, Есет Сәдуақасов сынды өнер майталмандарының әуелете салған әндері жиналған қауымды шаттыққа бөледі.

Әсем ән мен ағаларының батасынан жігерленген жас өрендер жекпе-жектерін жанарларынан жалын шаша бастап кетті. Құдды шөже қораздардай бір-біріне айбат жеге атылған балдырғандар залдың ішін қиқуға тұндырды. Бірінен бірі асып түсетін өрендердің өнеріне баға беріп, кім

мықтыны анықтау Адай Марғұлан бастаған төрешілерге оңайға түспегенін түсіну қиын емес. Дегенмен, жарыс болған соң, біреу жеңіп, екіншісінің жеңілетіні заңдылық. Сондықтан, жеңімпаздар тізімі келесідей болды: жалпы командалық есепте І-орынды «Барыс» спорт клубы иеленді. Талғар спорт клубының өрендері ІІ-орын алса, ІІІ-орынға Бекболат СК және Асқар Шайхиев спорт клубының жастары жайғасты.

Қанат ИСЛАМ, Олимпиада ойындарының жүлдегері, кәсіби боксшы:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында жастар мәселесін назардан тыс қалдырмайды. Соның бірі салауатты ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету жолында мынадай іс-шараларды жиі өткізудің маңызы ерекше. Сондықтан,

жарысты ұйымдастырушыларға ризашылығым шексіз. Өте жазарлы деңгейде өтті. Сондай-ақ, спорттағы жетістіктер арқылы елімізді әлем жұртшылығы танытып, мойындайтынын естен шығармаған жөн. Біздің мақсатымыз – дүниежүзі көз тіккен дүбірлі додаларда жеңіске жетіп, Қазақтың Көк туы желбіреп, Әнұраны шырқалғанда сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезімде болатынымызды келер ұрпаққа ұғындыру. Бүгінгі татамиде тулаған жас толқынға қарап, бұл мақсатымыздың орындаларына шүбә келтірмеймін. Мағжан атамның айтқандай, «Мен жастарға сенемін!»

Қазыбек ИСА, «Ақжол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, ақын:

– Жекпе-жек десе, делебесі қозатын қазақтың ұрпағымыз

гой! Мына балалардың күресін тамашалап, кәдімгідей риза болдық. Олардың көзіндегі ықынды көріп, Тәуелсіздігімізді баянды ететін ұрпақ өсіп келе жатқанына сеніп, тәуба дедім. Елімізде осы спорт түрінің қалыптасып, дамуына ерекше септігін тигізген қазақтың батыр ұлы, бүкіл түркі әлемінің мақтанышы Мұстафа Өзтүрік екенін жұрт біледі. Оның ісін әрі қарай жалғастырып, Бексейіт Түлкіев ағаларымыз тәжкөндонның түлеуіне үлес қосып, тер төкті. Мына жас қырандардың ағалар атына кір келтірмей, таэквондо туын жоғары ұстайтынына күмән жоқ. Салауатты да саналы ұрпақ – еліміздің болашағы!

Орынбек САХИДӘУЛЕТҰЛЫ, «Заң газеті»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

БИ – халық берген лауазым

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздегі тарихи тұлғалар бойынша билер, шешендер, ақын-жыраулар және Алаш зиялыларының есімдерін өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге бағытталған жұмыстар жүргізу қажеттігін қаперге салса, 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында да көптеген халықтар ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтатынын ескерді.

Осы бағытта ұлы би бабаларымыздың есімдерін жаңғыртудағы бір көрініс ретінде Қазақ даласында сот билігін дәстүрлі түрде жүзеге асырған әділ шешен Әлдебек Сатайұлын алуға болады. Ол Абылай ханның атақты билерінің бірегейі болған, өзінің дарындылығымен ерекшеленген, XVIII ғасырда Ақмола өңірінде билік еткен.

Әлдебек бидің шешендік сөздері әртүрлі жинақтарда басылып та жүр. Бірақ, оның әділ би, өткір тілді шешен ғана емес, Қазақ хандығының саяси өміріне белсене арласқанын мына бір тарихи деректен байқауға болады: Абылай хан қалмақ әйелінен туған ұлы Қасым төрені өзінің орнына хан сайламақ үшін өңірдің би, болыс ақсақалдарын ордасына шақыртқан болатын. Сол жиында Әлдебек би өзінің шешендік сөзімен хан болу үшін үміткер тұлға елдің қамын ойлайтын парасатты, ұстамды, таза болу қажет екенін туралы жиналған қауымға ой салған, ал, осыны естіген жиналған қауым Қасымды хандыққа сайламай Абылай ханның үлкен ұлы Ұәлиді сайлаған.

Өздеріңізге белгілі, би лауазымының ең жоғары қасиеттері: дау-дамайларда ерекше әділ, халыққа адал, ар-ожданы мен намысы кіршіксіз тұлға болуы міндет болған. Би дәрежесін аталдан балаға ауыстырмай, биді сол рудың адамдары оның тапқырлығы, шешендігі бойынша сынап, сыннан сүрінбей өткендерін ғана би сайлаған. Билерге бұл лауазымды қара халық бергендіктен, билік айту оңайлыққа түспеген. Биге халық қойған талаптардың билігін сан алуан нақыл сөздерден көруге болады. Мысалы, «Құдайдың сүйген құлдары ғана би бола алады», «Елге бай құт емес, би – құт» деген сөздер соның дәлелі.

Келешек ұрпақтың бабаларының кім болғанын, олардың жасаған еңбектерін біліп өскендері Ел болашағы үшін өте маңызды.

Бүгінде Әлдебек би бабамыздың есімін жаңғырту мақсатында Ақмола облысы Ақкөл ауданы Ақкөл қаласының Спутник көшесін Әлдебек бидің есіміне ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Көшенің есімін ауыстыруға байланысты жиналыста көше тұрғындары бірауыздан құптап, тиісті құжаттар құзырлы органға жолданды.

Ж. ЖЕТІБАЕВ,
Ақкөл аудандық сотының төрағасы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

2. «Евразийское Патентное Бюро» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, (бұдан әрі – Серіктестік), ЖСН 150840015630, мекенжай бойынша орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әуезов к., 82, «СТРОЙСИСТЕМА» бизнес орталығы, 4-қабат, 408-кеңсе, «Aston Alliance» («Астон Альянс») Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Серіктестікке қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әуезов к., 82, «СТРОЙСИСТЕМА» бизнес орталығы, 4-қабат, 408-кеңсе.

3. «Aston Alliance» («Астон Альянс») Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік), ЖСН 130640015441, мекенжай бойынша орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әуезов к., 82, «СТРОЙСИСТЕМА» бизнес орталығы, 4-қабат, 408-кеңсе, «Евразийское Патентное Бюро» Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке Серіктестікті қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әуезов к., 82, «СТРОЙСИСТЕМА» бизнес орталығы, 4-қабат, 408-кеңсе.

4. «REITDevelopment» ЖШС, БСН 180240027291, жарғы капиталының азайғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 10А үй.

5.Ақпараттық хабарлама
«Евразиян Фудс» АҚ, орналасқан жері: Қарағанды қ., Бытовая к., 20, е/ш №KZ10826M0KZTD2001038 «АТФ Банк» АҚ Қарағанды аудандық филиалында 2017 жылға жай акциялар бойынша, 1 жай акцияға 2309 теңге мөлшерінде дивидендтер (үлеспайда) төлеу туралы шешім қабылданды. Дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеп болғаннан кейін төленуі тиіс. Төлем түрі – ақшалай.

6.Ақпараттық хабарлама
«Евразиян Фудс» АҚ, орналасқан жері: Қарағанды қ., Бытовая к., 20, е/ш №KZ10826M0KZTD2001038 «АТФ Банк» АҚ Қарағанды аудандық филиалында 2017 жылға артықшылықты акциялар бойынша, 1 артықшылықты акцияға 2309 теңге мөлшерінде дивидендтер (үлеспайда) төлеу туралы шешім қабылданды. Дивидендтер артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді іс жүзінде төлейтін күні – бұқаралық ақпарат құралдарына шыққан күннен бастап бес жұмыс күні беріледі. Төлем түрі – ақшалай.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ИП «SAPA K2» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zap-at@mail.ru.

Ершова Людмила ЖК, Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 20 б.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7142) 50-47-34.

ИП «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке бө көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28, 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ИП Новоселова, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

«Версаль Бизнес», Атырау қаласы, Сырым Датов көшесі, 35-үй, «Сырым Төбе» БО, 102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIROС», Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 55, Алма сауда орталығы, 4-қабат, 419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email: kaldybayeva@mail.ru.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89, факс: 8 (727) 292-29-92

E-mail:
zanreklama@mail.ru

Астана қаласы
Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., М.Горький көшесі, 37, 107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалимасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат.

Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.